

УДК 633.2,033
МРНТИ 68.35.47

Тасанова Жадыра Байжановна, магистр сельскохозяйственных наук, **основной автор**,
<https://orcid.org/0000-0003-2756-9507>

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»,
г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, 090009, Казахстан, tasanova_84@list.ru

Tassanova Zhadyra Baizhanovna, Master of Agricultural Sciences, **the main author**,
<https://orcid.org/0000-0003-2756-9507>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan», Uralsk,
st. Zhangir Khan 51, 090009, Kazakhstan, tasanova_84@list.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ АЛҚАПТАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ ANALYSIS OF THE CULTURAL AND TECHNICAL STATE OF PASTURE LANDS IN WESTERN KAZAKHSTAN

Аннотация

Мақалада еліміз аумағындағы жайылымдық алқаптарының тозу проблемалары зерттеледі. Облыстар бойынша жайылымдық алқаптардың жағдайына талдаулар жасалады және мәдени-техникалық жағдайы бойынша жіктеме жасалады. Сапалық жай күйіне әсер етуші факторлар талданады. Жайылымдық жерлердің жай күйін жақсарту бойынша ұсыныстар беріледі.

Жайылымдық жерлер Қазақстан Республикасы аумағының 67% алып жатыр. Осындай үлкен аумақты алып жатырғаны (184,2 млн.га) жалпы республиканың территориясының экологиялық жай-күйін де айқындайды. Жайылымдық алқаптар үлкен табиғи аймағын қамти отырып, жыл сайын тегін және өте құнды көлемі 28 млн. тоннаға дейін мал азығында береді. Жайылымдардың сапалық жағдайына экология мен адамдардың денсаулығы, мал шаруашылығының жай-күйі мен дамуы байланысты болады.

Табиғи жемшөп алқаптары ретінде қолданылатын жайылымдық жерлердің жай-күйі, оларда болып жатқан өзгерістердің бағыты мен ауқымы туралы ақпараттар жүйелі түрде бақылау, зерттеу жұмыстарын жүргізуді талап етеді.

Қазіргі уақытта жер ресурстарының жай-күйі туралы ақпарат алу мәселесі жер кадастрлық деректерді алу және алқаптарды қашықтықтан зерттеу мәліметтерін пайдалану арқылы шешіледі. Ғарыштық суреттер үлкен аумақты қамтып ақпараттарға жеткілікті болады да жағдайды объективті бағалауға және қабылдауға және табиғи жем-шөп алқаптарын және оларды сақтауға бағытталған тиімді шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мақалада келтірілген деректер жер ресурстарын басқару жөніндегі органдардың жүргізілген жұмыстарының нәтижелерінен алынды және осы деректер жергілікті ғалымдардың зерттеулерімен қорытындыланды.

ANNOTATION

The article examines the problems of degradation of ының pasture lands in the territory of the country. Analysis of the state of pasture lands by region and classification by cultural and technical condition is carried out. The factors influencing the qualitative state of the state are analyzed. Recommendations are given to improve the condition of pasture lands.

Pasture lands occupy 67% of the territory of the Republic of Kazakhstan. It occupies such a large area (184.2 million tons).GA) also determines the ecological state of the territory of the Republic as a whole. Pasture lands cover a large natural area, with an annual free and very valuable volume of 28 million US dollars. "I don't know," he said. The quality of pastures depends on the ecology and health of people, the state and development of animal husbandry.

Information about the state of pasture lands used as natural forage lands, the direction and scale of changes occurring in them requires systematic monitoring and research.

Currently, the problem of obtaining information about the state of land resources is solved by obtaining land Cadastral data and using data from remote field surveys. Space images covering a large area will be sufficient for information and will allow you to objectively assess and perceive the situation and organize effective measures aimed at preserving natural forage areas.

The data presented in the article are derived from the results of the work carried out by land management bodies, and these data are summed up by the research of local scientists.

Кілтмі сөздер: ауылшаруашылық алқаптары, жайылым, мал азықтық алқаптар, мәдени-техникалық жағдай, жайылым айналымы, деградация, қашықтықтан зерттеу.

Key words: сельскохозяйственные угодия, кормовые угодия, пастбища, культурно-техническое состояние, пастбищеоборот, деградация, дистанционное зондирование.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы дүние жүзінде жайылымды жерлердің аумағы бойынша бесінші орында тұр. Азық, отын, дәрілік өсімдіктер және т.б. ретінде жайылым жерлері тарихи тұрғыдан экономиканың қозғаушы күші болып табылады. Республика аумағындағы жайылымдық алқаптар ауылшаруашылық алқаптарының басым бөлігін алып жатыр, олардың аумағы 186,5 млн. га (ауылшаруашылық алқаптарының 83,9 % құрайды). Олардың 5,8 млн га жақсартылған, 103,8 млн.га суландырылған болып келеді.

Жерлер санаттарына жіктеп қараған кезде ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер құрамында –73,4млн.га, елді мекендер құрамында –20,9 млн.га, өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауылшаруашылығы емес мақсаттағы жерлерде – 0,7 млн.га, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар аумағында – 3,4 млн.га және республика шегіндегі басқа мемлекеттер пайдаланылатын жерлерде – 5,2 млн. га жайылымдық алқап бар. Соңғы жылдары жайылымдық жерлер ауданы кемуде. Мысалы, 2019 жылы олардың көлемі 1692,1 мың га дейін қысқарды. Бұл жайылымдық жерлердің ауылшаруашылық емес мақсаттағы объектілердің құрылысы үшін ауыстырылуымен және басқа алқаптар түріне соның ішінде егістік алқаптарына трансформациялануымен байланысты. Жайылымдық жерлердің экологиялық мәселелері - әлемдік өркениеттің негізгі мәселелерінің бірі. Сондықтанда жайылымды зерттеу, тозу құбылыстарының алдын алу бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеу материалдарымен әдістері. Зерттеу жұмысын жасауда қолданылған мәліметтер Қазақстан Республикасы аумағындағы жер ресурстарының жай күйі мен пайдаланылу жағдайы бойынша жасалатын жылдық есептерді талдау, осы салаға қатысты ғалымдардың еңбектерін саралау арқылы жинақталды. Жайылымдық жерлердің сапалық жағдайы туралы жер кадастрын жүргізетін мемлекеттік органдар ұсынған жер кадастрлық және жер мониторингтік мәліметтер негізгі ақпараттар болып табылды.

Нәтижелер және оларды талдау. Қазақстан аумағындағы жайылымдық биологиялық-географиялық орналасу жағдайларына байланысты дамыған топырақ түрлері және өсімдіктер қауымдастығы бойынша 4 жайылымдық аймаққа бөлінеді: орманды - далалық, далалық, шөлейтті және шөлді жайылымдық аймақтар. Әр аймақтарда табиғи жағдайларға байланысты белгілі бір өсімдік қауымдастықтары қалыптасқан жайылымдық алқаптар кездеседі. Атап айтатын болсақ, орманды - далалық аймақта астық тұқымдастарына жататын аралас шөптер өскен жайылымдар орналасқан. Оларға селеулер, жатаған бидайық, қызылотарпабас, далалық атқонақ т.б. өсімдіктері жатады. Өнімділігі бірқалыпты, 6-10 ц/га шамында.

Далалық аймақтағы 40,4 млн.га жайылымдық жерлерде боз бетегелі, бозжусанды, және бетегелі-жусанды өсімдіктер өседі. Бұл өсімдіктердің ең көп шығымдылығы жазғы мезгілдерде байқалады (күрғақ өнімі 5,0 ц/га).

Шөлейтті аймақтарда кең таралған өсімдіктер қауымдастықтары: боз - бетегелі, қылқан селеулі - бетегелі, аралас боз - бетегелі, бетегелі бозды - бетегелі, бетегелі - жусанды, жусанды жайылымдар.

Шөлді аймақтың барлық жазық жерлерінде жайылымдар таралған. Жусанды жайылымдардың ауданы шамамен 38 млн.га, ал сораңды жайылымдар 35 млн.га, бұл жайылымдар қоңыр және сұр-қоңыр, саздақ және құмдақ сортаңдау топырақтар жапқан өңірлерде таралған. Олардың ішінде ең көп таралғандары сұр жусанды, сұр жусанды - эфемерлі, сұр жусанды ебелекті, сұр жусанды - итсигекті, сұр жусанды баялышты, сұр жусанды

- еркекшөпті өсімдіктер таралған жайылымдық алқаптар. Шөлді аймақтың жайылымдық алқаптарының өнімділігі 1,5-5,0 ц/га шамасына жетеді.

Таулы аймақта таралған жайылымдар биіктік белгілері бойынша ажыратылып, биіктеген сайын климаттық өзгешеліктер байқалып ол сол жағдайларға бейімді өсімдіктер түрлерінің дамуына себеп болады [1,2].

Жайылымдық алқаптар үлкен аумақты алып жатырғанымен олардан алынатын мал азығы көп емес. Оның негізгі себебі сапасының соған сәйкес өнімділіктің төмендеуінде болып отыр. Ғылыми зерттеулер жұмыстарының деректерінше алынатын өнім көлемі 1,5-2,5 ц-ден 5-6 ц дейін болғанын көрсетеді. Ал шөлейті және шөл аймақтарда олардың өнімі бұдан да төмен мөлшерде, яғни 0,5-1,0 ц-ден 3-4 ц/га дейін жетеді. Мұндай себептер далалық аймақтағы өнімділігі жоғары жерлердің егістік алқабы ретінде қолданылып, жайылым ретінде құнарсыз және игеруге қолайсыз жерлердің қалуы және жайылымдық жерлердің тиімсіз пайдаланылуы салдарынан орын алып отыр [3,4].

2019 жылы жасалған Қазақстан Республикасының жер ресурстарының жағдайы мен пайдаланылуы бойынша жиынтық аналитикалық есеп бойынша республика аумағындағы жайылымдық алқаптардың сапалық белгілері бойынша аудандары төмендегідей:

Кесте 1 – Республика бойынша жайылымдық алқаптардың ауданы, мың га

Барлығы	Барлық жайылым ауданы	Оның ішінде		Ауылшаруашылығы мақсатындағы жер құрамында	Оның ішінде	
		Жақсартылған	Суландырылған		Суландырылған	Жақсартылған
Республика аумағы бойынша	184 464,0	5 766,9	103 795,8	73 443,0	4007,7	43 443,1

Жайылымдардың мәдени-техникалық жағдайы тапталуымен, тастақтануымен және боз селеулі өсімдіктердің басуымен сипатталады. Статистикалық мәліметтер бойынша сапалық жағдайы 2 кестеде келтірілген.

Бұталанған жайылымдардың ең үлкен аудандары республиканың таулы аймақтарында және құмдарда орналасқан. Тауларда жайылымдар негізінен тобылғы, қараған, бөріжидек, итмұрын, құмдарда – жүзгін, акация, ақ сексеуілді бұталармен жабылған.

Орманданған жайылымдар негізінен оңтүстік облыстарда және Шығыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Бұл топқа енгізілген жайылымдардың көп бөлігі құмдарда кездеседі, қара сексеуілді жайылымдарда осы санатқа жатады.

Тұтастай республика бойынша төмпешіктелген жайылымдардың ауданы көп емес, олардың негізгі бөлігі Қарағанды мен және Қостанай облыстарында орналасқан.

Боз селеу жапқан жайылымдарға ешкі мен қой жануарларының төлдеуі кезінде қауіпті селеу өсімдіктері өсетін жайылымдар жатады [5,6].

Кесте 2 – Республика бойынша жайылымдардың мәдени-техникалық жағдайы

Жайылымдардың мәдени-техникалық жағдайы	Ауданы, млн. га	%	Облыстар бойынша таралуы
1	2	3	4
Таза	110,1	61,5	Ақтөбе, Қарағанды, Шығыс Қазақстан
Жақсартылған	5,8	3,2	Ақмола, Қарағанды, Қостанай
Бұталанған	19,0	10,6	Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Жамбыл
Төмпешіктелген	1,6	0,9	Қарағанды, Қостанай

1	2	3	4
Орман жапқан	3,2	1,8	Қызылорда, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан
Тастанған	4,7	2,6	Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды
Боз селеу жапқан	7,7	4,3	Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар
Тапталған	27,1	15,1	Атырау, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола

Орташа және күшті дәрежеде тапталған жайылымдардың ауданы республикада 27,1 млн. га есептелген. Жайылымдық экожүйелердің бұзылуы 95 % жоғары тапталған жайылымдар таралған республиканың жазықты бөлігінде орын алуда. Соның ішінде шөлейтті және шөлді аймақтарда – 161 млн. га немесе 59,4%. Жайылымдардың тапталуының негізгі салдары экологиялық жағдайлар және адамның ұтымсыз экономикалық қызметі болып табылады. Бұл құнды жемшөп түрлерінің азаюымен және олардың арамшөптермен, мал жемейтін біржылдық өсімдік түрлерімен алмасуымен байланысты [7].


Көпжылдық өсімдік түрлерінің тұқымдары жыл сайын жайылымдардың орташа өнімділігінің төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар маусымдық пайдалану мерзімдерінің тарылуына әкеледі. Өсімдіктердің модификациялық қауымдастықтары тұрақсыз, оларда түрлерді алмастыру процесі жүреді, ал өнімділік көбінесе метеорологиялық жағдайларға байланысты және жыл мезгілдеріне байланысты кең ауқымда өзгеріп отырады [8].

Тапталған жайылымдар сипаты бойынша үш санатқа бөлінеді: 1-екіншілік өсімдіктермен, 2-жеуге жарамсыз және улы заттармен ластанған өсімдіктер, 3-жолдар, шұңқырлар. Екіншілік өсімдіктері бар жайылымдар ауданы (1-санат) 18,3 млн.га. Бұл барлық тапталған жайылымдардың 67% деп есептеледі. Олардың ең үлкен аудандары Атырау, Ақтөбе Алматы, Батыс Қазақстан облыстарының аумақтарында орналасқан.

Екіншілік өсімдіктері бар жайылымдарға біржылдық шөптесін және эфемерлік өсімдіктер қауымдастықтары бар тапталған учаскелер жатады. Олар 8,9 миллион гектар аумақты алып жатыр және негізінен шөлейт және шөлді аймақтарда таралған. Бұл жайылымдардың шөптерінде, негізінен, жеуге болатын біржылдық соянка (ебелек, торғай ота және т.б.) немесе эфемерлер мен эфемероидтар (баданалы қоңырбас (мятлик луковичный), жабайы қара бидай және т. б.) бар. Олардың өнімділігі 40-50% төмендеген және пайдалану маусымы шектеулі. Бұл жайылымдар орташа тапталған (5,4 млн. га) және (3,5 млн. га) қатты тапталған болып бөлінеді. Екіншілік өсімдіктері бар жайылымдар санатына кері көрсеткіштері бар өсімдіктер кәдімгі кірпібас (ежовник обыкновенный), эфедра, құстаран (горец птичий) және т.б.) және басқа да жеуге жарамды түрлері басым болатын шөптер өскен жайылымдар жатады.

Тапталған жайылымдардың екінші санатына мыналар жатады: жеуге жарамайтын (сарыандыз, құртқашаш, қарасора және т. б.) және улы (ақмия, гармала және т.б.) өсімдік түрлері таралған жайылымдар. Олар өз кезегінде, жеуге жарамсыз және улы өсімдіктер өскен жайылымдар болып бөлінеді. Жеуге жарамсыз өсімдіктер түрлері өскен жайылымдар 3,3 млн. га алқапта таралған. Негізінен Қостанай, Қызылорда және Жамбыл облыстарының аймағында таралған. Улы өсімдіктермен 4,7 млн. га жайылым ластанған. Олардың ең үлкен аудандары Маңғыстау және Атырау, сондай-ақ Ақтөбе облыстарында.

Жайылым алқаптарының ауданы жөнінен Батыс Қазақстан облысы алдыңғы қатарларда - 10184,9 мың га). Олардың 51,8 мың га жақсартылған жайылымдарды құрайды (0,5%). Мәдени – техникалық жай-күйі бойынша таза – 6482,3 мың га (63,6%), тапталған – 2526,6 мың га (24,8 %), боз селеулі – 720,3 мың га (7,07 %), бұталанған – 361,0 мың га (3,5%), төмпешіктелген – 40,3 мың га (0,4%) және орманданған -2,6 мың га (0,02%) үлеске келеді. Облыс аумағында тастақтанған жайылымдар жоқ (1 сурет). Тапталған жайылымдардың (2526,6 мың га) 73 % орташа және 27 % күшті дәрежеде тозуға ұшыраған [5].



Сурет 1 – БҚО аумағындағы жайылымдардың мәдени-техникалық жағдайы бойынша бөлінулері

Тапталған жайылымдардың үшінші санатына өсімдік жамылғысы жоқ (уақытша жайылымдық қолайсыздық) территориялар жатады. Мұндай территориялар жалпы жайылым ауданының 3% алып жатыр. Олардың ең үлкен алаңдары Жамбыл және Алматы облыстарында. [4,5].

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жайылымдардың тозуы антропогендік фактор шегінен асып, өздігінен қалпына келу мүмкін болмаған жағдайда орын алады. Өзгеріп отырған экологиялық жағдайлар мен адамның шаруашылық қызметінің негізгі салдары жайылымдардың тозу процесінің арттырады, оның негізгі белгілерінің бірі өсімдіктердің бағалы түрлерін арамшөптермен және мал жеуге жарамсыз түрлерімен алмасуы, өнімділіктің төмендеуі мен шектеусіз мал жаю және т.б.. [9].

Жайылымдарды тозуының басты себептерінің бірі жүйесіз мал жаю. Ол шалғайдағы жайылымдарда суару көздерінің болмауына байланысты. Нәтижесінде суару көздеріне жақын жатқан жерлердің өсімдік жамылғысы сирейді немесе толығымен жоғалады, оның құрамы ол негізінен аз өнімді немесе улы өсімдік түрлерімен ауыстырылады. Бұл жайылымдық эрозиялық құбылыстардың да (дефляцияның) орын алуына себепші болады [10]. Статистикалық деректер бойынша Батыс Қазақстан облысы аймағында жел эрозиясына ұшыраған аумақтардың ауданы жоғары (1409,5 мың га). Дефляцияға ұшыраған жайылымдық алқаптардың өнімділігі 10-50 % дейін төмендейді [11]. Өте күшті дәрежеде деградацияланған жайылымдарда өсімдік жамылғысы мүлде жоқ, топырағы жарамсыз, өнімділік мүлде аз, осыған байланысты көшпелі құмдар қалыптасады [10].

Мұны қашықтықтан түсірілген суреттер де растап отыр. Ә.Б.Кішібекованың зерттеуінше ғарыштық суреттер облыстың батыс өңіріндегі жайылымдық алқаптарды шектен тыс жүйесіз пайдалану әсерінен өсімдік жамылғысының сиреуі, топырақ құнарлылығының азаюы орын алып жатырғанын көрсетеді. Ауылшаруашылық алқаптарының сапалық жай күйін анықтауда жер мониторингтік жұмыстарды қашықтықтан зерделеу мәліметтерімен байланыстыра отырып тиісті шараларды жүргізу жақсы нәтиже береді. Қашықтықтан зерделеу суреттері зерттеу учаскелерінің жалпы жағдайларына қорытындылауға мүмкіндік беретін карталарды құрастыруды қарастырады. Карталар арқылы жайылымдық учаскелердегі өсімдік жамылғысының құрамын, олардың зиянкестері, оларға тигізілетін әсерлер, сонымен қатар жерді түгендеу міндеттерін, биомассаны, жердің пайдаланылу жағдайын білуге болады [11,12]. Жайылымдық жерлерді жақсарту жөніндегі іс-шараларды (шөп егу немесе көпжылдық шөптерді егу, жайылым айналымын енгізу және т.б.) жүзеге асыру арқылы біртіндеп қалпына келтіруге болады. Жайылымдардың жақсартуда аймақта жайылым айналымын

қалыптастырудың да маңызы зор. Жайылым айналымы дегеніміз – жайылымдардың өнімділігін қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін оларды кезеңділікпен және кезектілікпен пайдалану және оларға күтім жасау жүйесі болып табылады [13,14,15].

Қорытынды. Жайылымдардың тозуы ғаламдық сипатқа ие және оның масштабы жергілікті факторларға байланысты болады. Бұл жайылымдық алқаптарды әлемдік тәжірибеге сүйене отырып қалпына келтіру әдістемесін жасау қажеттілігін тудырады. Жайылымдық жерлерді қорғау мақсатында республикамызда 2017 жылы 20 ақпанда Жайылымдар туралы Заң қабылданды. Бұл заң жайылымдарды ұтымды пайдалануды көздейтін қоғамдық қатынастарды реттеуді және жайылымдар инфрақұрылымын жақсартуды және орын алған тозу процестерін болғызбау шараларын ұйымдастыруды қарастырады. Қазіргі уақытта республикада жақсарту шараларын жүргізуді қажет ететін жайылымдық алқаптар ауданы 40 млн.га [16]. Батыс Қазақстан облысында 3650,8 мың га. тозған жайылымдарды қалпына келтірудің әдістерін қолданып зерттеулер жасап жүрген ғалымдардың (Насиев Б.Т., Жанаталапов Н.Ж., Беккалиев А.К.) тұжырымынша сапалы және ұтымды басқару проблемаларын шешу үшін жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың маусымдық тәсілін пайдалану қажет. Маусымдық жаюдың негізгі қағидаты жайылымдық жерлерді жайылым айналымында міндетті түрде пайдалану болып табылады, олар тіршілік әрекеті нәтижесінде жайылымдардың топырақ және өсімдік жамылғысының көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді [17,18,19]. Осы зерттеулер Қазақстанның шегінен тыс жерлерде, жайылымдарды басқарудың ұқсас жүйелері бар елдер мен өңірлерде жайылымдық экожүйелерді ұтымды пайдалану бойынша қорғау шараларын әзірлеу үшін алғышарт болып табылады. Ғалымдардың тәжібелері алдыңғы қатарлы жақсарту технологияларын қолдана отырып олардың өнімділігін 3-5 есеге дейін көтеруге болатындығын көрсетті [20].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әубәкіров, Қ. Мал азығын өндіру / Қ.Әубәкіров. –Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 488 б.
- 2 Тасанова, Ж.Б. Жер ресурстарын басқару / Ж.Б.Тасанова. – А.: Альманах. 2019. – 110б.
- 3 Насиев, Б.Н. Жайылым шаруашылығы / Б.Н. Насиев. - Орал: Жәңгір хан атындағы Бат-Қаз. агр.-техн. ун-ті, 2021. – 130 б.
- 4 Умбеткалиев, Н.М. Факторы риска для агросистемы пастбищных земель Западно-Казахстанской области Республики Казахстан / Н.М.Умбеткалиев, Н.Х.Утегалиева, Г.С.Ожанов // Ғылым және білім, №4 (65). Орал: – 2021. - 142-150 б.
- 5 Қазақстан Республикасының жер ресурстарының жағдайы мен пайдаланылуы, 2019 жыл / Құраст.: Г.А. Бимендина, Б.У.Баймағанбетов, С.Б.Омаш, К.А.Бекмукашев, А.С.Балташева. М.А.Саданов и др. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 254 с.
- 6 Төреханов, А.Ә. Табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану негіздері / А.Ә. Төреханов. - А., 2006. - 325 б.
- 7 Асетова, А.Ю. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету аспектілері / А.Ю.Асетова, Б.Ж.Есмагулова// Ғылым және білім, №4 (65). Орал: – 2021. – Б. 111-118.
- 8 Каюков, А.Н. Цели, задачи и принципы мониторинга земель сельскохозяйственного назначения / Каюков А.Н. // [Наука и образование: опыт, проблемы, перспективы развития](#) материалы международной научно-практической конференции. Красноярский государственный аграрный университет - 2017. – С. 14-17.
- 9 Есмагулова, Б.Ж. Батыс Қазақстан облысының қуаң аймақтарының жайылымдарын Орман мелиорациясы арқылы тиімділігін арттыру жолдары / Б.Ж. Есмагулова, А.Ю. Асетова // Ғылым және білім, №4 (65). Орал: – 2021. - Б. 153-160.
- 10 Насиев, Б. Н. Изучение степени и факторов дигрессии пастбищ полупустынной зоны / Б. Н. Насиев, А. К. Беккалиев // Молодой ученый. — 2016. — № 4 (108). — С. 209-211.
- 11 [Influence of grazing technologies on the indices of chestnut soils in western Kazakhstan](#) Nasyev [and others] // [Polish Journal of Soil Science](#). – 2020, 53(1), С. 163–180.

- 12 [Nasiyev, B., The impact of pasturing technology on the current state of pastures /Nasiyev, B., Bekkaliyev, A. //Annals of Agri Bio Research. – 2019, 24\(2\), - С. 246–254.](#)
- 13 Кішібекова, Ә.Б. Батыс Қазақстан облысы ауылшаруашылық жерлерін арақашықтықтан зерделеу әдісімен бақылау//Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Хабаршысы, география сериясы. Алматы: -2016. Т. 42 - № 1. – Б. 201-204.
- 14 Тасанова, Ж.Б. Қазақстан Республикасы жер ресурстарының эрозиялық процестерге ұшырау жағдайларын жер мониторингтік деректер негізінде талдау//Ж.Б.Тасанова, Н.Х.Утеғалиева, Н.М.Умбеткалиев // Ғылым және білім, №4 (65). Орал: – 2021.- Б. 111-118.
- 15 Assessment of The Current State of Vegetation of Estuaries in The Zone of Dry Steppes of Western Kazakhstan /Marat Ongayev and others //Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences September – October 2016 RJPBCS 7(5) Page No. 382.
- 16 Мониторинг состояния пастбищ казахстана с использованием космической и наземной информации / А.К.Карынбаев [и др.] // ТОО «Юго-западный НИИ животноводства и растениеводства. – 2020. – Номер: 3(57). – С.112-116.
- 17 Насиев, Б. Н. Режимы выпаса и флористический состав пастбищ / Б. Н. Насиев [и др] // Молодой ученый. — 2015. — № 6.3 (86.3). — С. 44-47.
- 18 Насиев, Б.Н., Современное состояние пастбищ Западного Казахстана в зависимости от способа их использования / Б.Н. Насиев, Н.Ж. Жанаталапов, А.К. Беккалиев // Аграрная наука. – 2021;(10):84-87.
- 19 [Soil cultivation efficiency in pasture management of the arid zone of Central Asia and Kazakhstan / Mukhambetov \[and others\] // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science](#) Том 839, Выпуск 21 October 2021 International Scientific Conference on Agribusiness, Environmental Engineering and Biotechnologies, AGRITECH-V 2021.
- 20 [Specific features of the vegetative and soil cover dynamics in the semiarid pasture ecosystems influenced by grazing /Nasiyev \[and others\] // Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences, 2016, 7\(4\), C. 2465–2473.](#)

REFERENCES

- 1 Aubakirov, K. Mal azygyn ondiru / K.Aubakirov. -Almaty: ZhSS RPBC "Daur", 2011. - 488 b.
- 2 Tasanova, Zh.B. Zher resourcestaryn baskaru / Zh.B.Tasanova. – A.: Almanac. 2019. - 110b.
- 3 Nasiev, B.N. Zhaiylym sharuashylygy / B.N. Nasiev. - Oral: Zhangir khan atyndagy Bat-Kaz. agr.-tech. un-ti, 2021. - 130 p.
- 4 Umbetkaliev, N.M. Faktory riska dlya agrosistemy pastbishchnyh zemel' Zapadno-Kazahstanskoj oblasti Respubliki Kazakhstan / N.M.Umbetkaliev, N.H.Utegalieva, G.S.Ozhanov // Gylym zhane bilim, №4 (65). Oral: □ 2021. - 142-150 b.
- 5 Қазақстан Республикасының жер ресурстарының жағдайы мен пайдаланылуы, 2019 жыл / Құраст.: Г.А. Бимендіна, Б.У.Баймағанбетов, С.Б.Омаш, К.А.Бекмүкәшев, А.С.Балташева. М.А.Саданов і др. – Nur-Sultan, 2019. – 254 с.
- 6 Torekhanov, A.Ә. Tabigi zhajylymdardy tiimdi pajdalanu negizderi / A.A. Torekhanov. - A, 2006. - 325 b.
- 7 Asetova, A.YU. Batys Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдаланды қамтамасыз ету аспектілері / A.YU.Asetova, B.ZH.Esmagulova // Gylym zhane bilim, №4 (65). Oral: □ 2021. – Б. 111-118.
- 8 Kayukov, A.N. Celi, zadachi i principy monitoringa zemel' sel'skohozyajstvennogo naznacheniya / Kayukov A.N. // Nauka i obrazovanie: opyt, problemy, perspektivy razvitiya materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Krasnoyarskiy gosudarstvennyy agrarnyj universitet - 2017. – S. 14-17.
- 9 Esmagulova, B.ZH. Batys Қазақстан облысының қуан аймақтарының жайылымдарын Орман мелiorациясы арқылы тиімділігін арттыру жолдары / B.ZH. Esmagulova, A.YU. Asetova // Gylym zhane bilim, №4 (65). Oral: □ 2021. - Б. 153-160.
- 10 Nasiev, B. N. Izuchenie stepeni i faktorov digressii pastbishch polupustynnoj zony / B. N. Nasiev, A. K. Bekkaliev // Molodoj uchenyj. — 2016. — № 4 (108). — S. 209-211.

- 11 Influence of grazing technologies on the indices of chestnut soils in western Kazakhstan Nasiyev [and others] // Polish Journal of Soil Science. – 2020, 53(1), S. 163–180.
- 12 Nasiyev, B., The impact of pasturing technology on the current state of pastures /Nasiyev, B., Bekkaliyev, A. //Annals of Agri Bio Research. – 2019, 24(2), - S. 246–254.
- 13 Kishibekova, A.B. Batys Қазақстан облысы ауылшаруашылық зherлерін арақашықтықтан зерделеу адисімен бақылау // Al-Farabi atyndagy Қазақ Ulttyk Universitetinin Habarshysy, geografiya seriyasy. Almaty: -2016. T. 42 - № 1. – B. 201-204.
- 14 Tasanova, ZH.B. Қазақстан Respublikasy zher resurstarynyn eroziyalық procesterge ushyrau zhagdajlaryn zher monitoringtik derekter negizinde talдаu // ZH.B.Tasanova, N.H.Utegaliyeva, N.M.Umbetkaliyev // Gylым zhane bilim, №4 (65). Oral: □ 2021.- B. 111-118.
- 15 Assessment of The Current State of Vegetation of Estuaries in The Zone of Dry Steppes of Western Kazakhstan /Marat Ongayev and others //Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences September – October 2016 RJPBCS 7(5) Page No. 382.
- 16 Monitoring sostoyaniya pastbishch kazhastana s ispol'zovaniem kosmicheskoy i nazemnoy informacii / A.K.Karynbaev [i dr.] // TOO «Yugo-zapadnyj NII zhivotnovodstva i rastenievodstva. – 2020. – Nomer: 3 (57). – S.112-116.
- 17 Nasiev, B. N. Rezhimy vypasa i floristicheskij sostav pastbishch / B. N. Nasiev [i dr// Molodoj uchenyj. — 2015. — № 6.3 (86.3). — S. 44-47.
- 18 Nasiev, B.N., Sovremennoe sostoyanie pastbishch Zapadnogo Kazahstana v zavisimosti ot sposoba ih ispol'zovaniya / B.N. Nasiev, N.ZH. ZHanatalapov, A.K. Bekkaliyev // Agrarnaya nauka. – 2021;(10):84-87.
- 19 Soil cultivation efficiency in pasture management of the arid zone of Central Asia and Kazakhstan / Mukhambetov [and others] // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science Tom 839, Vypusk 21 October 2021 International Scientific Conference on Agribusiness, Environmental Engineering and Biotechnologies, AGRITECH-V 2021.
- 20 Specific features of the vegetative and soil cover dynamics in the semiarid pasture ecosystems influenced by grazing /Nasiyev [and others] // Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences, 2016, 7(4), S. 2465–2473.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуются проблемы деградации пастбищных угодий на территории нашей страны. По областям проводится анализ состояния пастбищных угодий и составляется классификация по культурно-техническому состоянию. Анализируются факторы, влияющие на качественное состояние. Даются рекомендации по улучшению состояния пастбищных угодий.

Пастбищные угодья занимают 67% территории Республики Казахстан. Большая площадь пастбищ (184,2 млн.га) также определяет экологическое состояние территории республики в целом. Пастбищные угодья, охватывая большую природную зону, ежегодно имеют свободный и очень ценный объем в 28 млн. на корм скоту дают до тонны. От качественного состояния пастбищ зависит экология и здоровье людей, состояние и развитие животноводства.

Информация о состоянии пастбищных угодий, используемых в качестве естественных кормовых угодий, направлении и масштабах происходящих в них изменений требует систематического наблюдения, проведения исследовательских работ.

В настоящее время вопрос получения информации о состоянии земельных ресурсов решается путем получения земельных кадастровых данных и использования данных дистанционного зондирования земель. Космические снимки охватывают большую территорию и позволяют объективно оценить и принять ситуацию и организовать естественные кормовые угодья и эффективные меры, направленные на их сохранение.

Данные, представленные в статье, получены из результатов проведенной работы органов по управлению земельными ресурсами, и эти данные обобщены исследованиями местных ученых.